<b>Аспапты жұмысқа дайындау және пайдалану</b>	<b>39</b>
Батырылатын блендерлік қондырманы пайдалану	40
Ұсақтағышты пайдалану	42
Піспекті пайдалану	43
SMART режимінде аспапты баптау мен пайдалану	44
Блендерді WiFi желісіне қосуды баптау	44
<i>Android ОЖ бар телефондар (10 нұсқаға дейінгі) үшін</i>	45
<i>IOS және Android ОЖ телефондар (10 және одан жоғары) үшін</i>	48
<b>Тазалау және күтім</b>	<b>57</b>
<b>Өткізу</b>	<b>57</b>
<b>Ақаулықтарды іздеу және жою</b>	<b>58</b>
<b>WI FI қосылысына қатысты ақауларды жою және іздеу</b>	<b>59</b>
<b>Тасымалдау және сақтау</b>	<b>60</b>
<b>Кәдеге жарату бойынша талаптар</b>	<b>60</b>
<b>Техникалық сипаттамалары</b>	<b>60</b>
<b>Сертификаттау туралы ақпарат</b>	<b>61</b>
<b>Кепілдікті міндеттемелер</b>	<b>62</b>

# ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық электрлік блендердің, моделі **PHB 1551 WIFI IQ HOME** (бұдан әрі мәтін бойынша – блендер, аспап) техникалық деректерімен, құрылымымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

## ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

## ЖИЫНТЫҚТАМА

				
Блендер	Жалғастырғыш тетігі бар піспек (қондырма)	Ұсақтағыштың шыны ыдысы (жиынтықта)	Шашырандылардан қорғайтын қақпақшасы бар өлшеуіш стакан	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық / Кепілдік

Ұстағыш (моторлық блок)	– 1 дана.
Блендерлік қондырма	– 1 дана.
Піспек	– 1 дана.
Піспектің жалғағышы	– 1 дана.
Сынбайтын пластиктен (BPA free) жасалған стакан	– 1 дана.
Шашырандылардан қорғанысы бар стақанның қақпағы	– 1 дана.
Ұсақтағыш қақпағы	– 1 дана.
Ұсақтағыш пышағы	– 1 дана.
Ұсақтағыш ыдысы	– 1 дана.
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	– 1 дана.
Кепілдік талоны	– 1 дана.

# ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі керек.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз және оны сақтап қойыңыз.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың, қондырмалардың немесе желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында құрал білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Бұл құрал денелік, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.



**Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сүмен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.**

- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құралды желіге қосу алдында ол сөндірулі күйде екеніне (түймелер басылмаған) көз жеткізіңіз. Қондырмаға қол тигізбеңіз. Аспапты тек тұтқасынан ұстаңыз.



**Назар аударыңыз! Қондырмаларды пайдаланғанда абайлаңыз және сақ болыңыз: пышақтар өткір!**

- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштарға соғылудан, ылғалдылықтан сақтаңыз (еш жағдайда аспапты суға батырмаңыз). Аспапқа ылғал қолыңызды тигізбеңіз. Аспапқа су тиген кезде оны бірден желіден өшіріңіз.
- Аспап суға құлаған жағдайда оны тез арада желіден ажыратыңыз. Бұл ретте ешқандай жағдайда қолыңызды суға салмаңыз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.



1  
Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



2  
Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз



3  
Іске қосылған аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз



4  
Аспапты шұңғылшаға қоймаңыз! Аспаптың корпусы құрғақ болуы тиіс!

- Пайдалану аяқталғаннан кейін, қондырманы орнату немесе шешу, тазалау немесе құралдың сынуы кезінде оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Іске қосылған аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда, ток өткізгіш істікшелерге қол тигізбей, оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау кезінде сымды әрдайым тегіс етіп түзетіңіз.
- Сымды ауыстыруды тек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері жүзеге асыра алады. Біліктілігі жоқ жөндеу пайдаланушыға тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапты өз бетінше жөндемеңіз. Жөндеуді тек сервистік орталықтың білікті мамандары жүргізуі керек.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануға болады.
- Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Одан әрі жою үшін оны мамандандырылған пунктке жіберіңіз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.

## ОСЫ АСПАПТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапке жұмыс кезінде, аспапты қадағалаусыз қалдырмаңыз. Аспаппен жұмыс істеуді аяқтағаннан кейін оны ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Керек-жарақтарды немесе қондырмаларды ауыстыру алдында аспапты желіден ажыратыңыз.
- Барлық қондырмалар мұқият жуылғанын және кептірілгенін үнемі қадағалап отырыңыз.
- Жарақаттануды болдырмау үшін саусақтарды, шашты киімді блендердің қозғалатын бөліктерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.
- Аспапты балаларға және шектеулі денелік мүмкіндіктері бар адамдарға қадағалаусыз пайдалануға рұқсат бермеңіз.
- Блендер және ұсақтағыш қатты тоңазытылған және қайнап тұрған өнімдерді өңдеуге арналмаған. Өңдеудің қалыпты температурасы 20 – 40°C.
- Ақаулы аспапты немесе қондырмаларды пайдаланбаңыз.
- Пышақтарды шешкенде, орнатқанда және тазалағанда сақ болыңыз.
- Пышақтар толық тоқтағанша ұсақтауыштың қақпағын шешіп алмаңыз.
- **Орнатылған блендерлік қондырмасы бар аспапты қондырманың кескіш бөлігін сұйықтығы бар ыдысқа батырмай іске қоспаңыз. Бұлы қаптаманың ақаулығына апарады.**
- **Ұсақтауыштың ыдысын блендерлік қаптамамен жұмыс істеу үшін пайдаланбаңыз.**
- Блендер саптамасымен үздіксіз жұмыс істеудің максималды уақыты 1 минуттан аспауы керек, сондықтан әр 60 секунд сайын 3-5 минут үзіліс жасаңыз. Циклдер саны – бір пайдаланғанда 5-тен аспайды. Жұмыстың осындай 5 циклінен (60 секунд қосу 3-5 минуттық үзіліс) кейін кем дегенде 30 минут үзіліс қажет.



- Бұл модельде айналу жылдамдығы төмендеген кезде шамадан тыс жүктеме қорғанысы бар. Сондықтан құрылғыны құлыптаған кезде (аспап желіге қосылған, тік күйінде, түйме басылған, ал саптаманың айналуы тоқтаған, демек, шамадан тыс жүктеме салдарынан айналу жылдамдығын төмендету үшін қорғаныс жұмыс істеді), сіз қуат түймесін босатып, саптаманың айналу жылдамдығын Polaris IQ Home қолданбасында "13"-тен жоғары етіп орнатуыңыз керек. Егер өнімді төмен жылдамдықпен өңдеу қажет болса, бір уақытта өңделетін өнімнің мөлшерін азайту керек немесе тұтқырлықты азайту үшін оны сұйықтықпен сұйылту керек.
- Осы аспапта қатты қызып кетуден кіріктірілген қорғанысы бар. Егер қызып кету кезінде автоматты түрде ажырату орын алса (аспап желіге қосылған, тігінен орналасқан, қуат түймесі басылған, бірақ айналу және тән жоқ) корпустың дірілі және дыбыс), ал мотор корпусы едәуір қызған болса, тез арада:
  - айырды электр желісі розеткасынан суырып алу;
  - қайталап айналар алдында аспапқа кем дегенде 60 мин ішінде толық суытып алу керек.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл аспапта кіріктірілген GYROSTART технологиясы бар, егер оны пайдалану кезінде көлбеу бұрышы Polaris IQ Home қолданбасында пайдаланушы орнатқан бұрыштан асып кетсе, құрылғыны автоматты түрде өшіреді (әдепкі бойынша бұрыштың мәні 75°-қа орнатылады). Құрылғыны желіге қосқаннан кейін, 3-5 секунд ішінде GYROSTART жүйесі орнатылады, оның барысында құрылғы түймелері белсенді емес. Көлбеу бұрышын қолданбада, "Параметрлер", "Еңкейту кезінде өшіру" бөлімінде өзгертуге болады.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** тазалаған кезде пышақтарды алғанда сақ болыңыз, өткір жүздер!

1

Барлық қондырмалар мұқият жуылғанын және кептірілгенін үнемі қадағалап отырыңыз.

2

Жұмыс уақытында жарақаттануды болдырмау үшін саусақтарды, шашты киімді блендердің қозғалатын бөліктерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.

3

**Сақ болыңыз!**  
Пышақтар өте өткір!  
Пышақтарды шешкенде, орнатқанда және тазалағанда сақ болыңыз.

4

Ұсақтауыштың ыдысын блендерлік қаптамамен жұмыс істеу үшін пайдаланбаңыз.



# АСПАПТЫҢ СИПАТЫ

Блендер тамақты ұсақтауға, езбе, коктейльдерді, тұздықтарды, балалардың тамағын дайындауға, шикі азықтүлікті (пиязды, сарымсақты, көкті, жаңғақтарды, ірімшікті, көкөністер мен жемістерді) ұсақтауға, ет тұрамасын дайындауға арналған.



## АСПАПТЫ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

- Аспапты ашыңыз және оның барлық құрастыру бірліктері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Алғашқы пайдаланар алдында аспаптың азық-түлікпен түйсетін бөліктерін мұқият жуып шайыңыз.



**Назар аударыңыз!** Қондырмаларды пайдаланғанда абай болыңыз: өткір пышақтар!



# БАТЫРЫЛАТЫН БЛЕНДЕРЛІК ҚОНДЫРМАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Қол блендері тұздықтарды, езбе көжелерді, майонезді, балалар тағамдарын дайындау үшін тамаша жарамды.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл аспапта кіріктірілген GYROSTART технологиясы бар, егер оны пайдалану кезінде көлбеу бұрышы Polaris IQ Home қолданбасында пайдаланушы орнатқан бұрыштан асып кетсе, құрылғыны автоматты түрде өшіреді (әдепкі бойынша бұрыштың мәні 75°-қа орнатылады). Құрылғыны желіге қосқаннан кейін, 3-5 секунд ішінде GYROSTART жүйесі орнатылады, оның барысында құрылғы түймелері белсенді емес.

**ҰСЫНЫМ:** құрылғыны қосу үшін, оны саптаманы төмен қаратып тік ұстаңыз.

Көлбеу бұрышын қолданбада, "Параметрлер", "Еңкейту кезінде өшіру" бөлімінде өзгертуге болады.



**Назар аударыңыз!** Орнатылған блендерлік қондырмасы бар аспапты қондырманың кескіш бөлігін сұйықтығы бар ыдысқа батырмай іске қоспаңыз. Бұлы қаптаманың ақаулығына апарады.




**Абайлаңыз!** Өңделетін өнім құрамында қатты ингредиенттер (сүйектер, жңғақтар, жемістердің сүйектері, мұз кесекетір, тоңазытылған өнімдер сияқтылар) болмауы керек, сонымен қатар ол бөлме температурасына дейін салқындатылған болуы тиіс. Өнім сұйықтықта (сорпада, шырында, тұздықта және т. б.) болуы тиіс




**Назар аударыңыз!** Ұсақтағыш ыдысын блендерлік қондырмамен жұмыс істеуге тыйым салынады. Өлшеуіш стаканды немесе жоғары жиекті ыдысты пайдаланыңыз.

## Жұмыс тәртібі:

- Ыдысты 500 мл-ден артық етіп немесе қаптама биіктігінен 2/3-ден асырып толтырмаңыз.
- Пышақтары бар блендерлік қондырманы ұстағыштың корпусына кигізіңіз және оны сағат тілі бағытымен бұрап бекітіңіз.
- **Пышақтары өнімге батырылмаған аспапты іске қоспаңыз.**
- Қуат баусымын розеткаға қосыңыз, аспапты желіге қосқаннан кейін 3-5 секунд ішінде **GYROSTART жүйесі орнатылады, оның барысында құрылғы түймелері белсенді болмайды.**
- Блендерді азық-түлік салынған ыдысқа (жиектері биікке) салыңыз. Қондырманы тігінен ұстаңыз, аспапты жан-жаққа бұрмаңыз.




1  
Пышақтары бар блендерлік қондырманы ұстағыш корпусына кигізіңіз, бекітіңіз



2  
Қуат баусымын розеткаға қосыңыз. Блендерді тағамдары бар ыдысқа салыңыз.



3  
Ұсақтағыш ыдысын блендерлік қондырмамен жұмыс істеуге тыйым салынады.



4  
Реттегіш көмегімен жылдамдықты таңдаңыз және Қосу түймесін басыңыз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл аспапта кіріктірілген GYROSTART технологиясы бар, егер оны пайдалану кезінде көлбеу бұрышы Polaris IQ Home қолданбасында пайдаланушы орнатқан бұрыштан асып кетсе, құрылғыны автоматты түрде өшіреді (әдепкі бойынша бұрыштың мәні 75°-қа орнатылады). Құрылғыны желіге қосқаннан кейін, 3-5 секунд ішінде GYROSTART жүйесі орнатылады, оның барысында құрылғы түймелері белсенді емес.


- Реттегіштің көмегімен қажетті жылдамдықты таңдаңыз және таңдалған жылдамдықпен жұмыс істеу үшін ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз. Жылдамдық реттегіші тек қана Қосу/Өшіру режимінің түймесі үшін белсенді. Жылдамдықты реттеу жұмыс кезінде ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі басылған кезде де мүмкін.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін блендерді сөндіріңіз (түймелерді босатыңыз), пышақтардың тоқтағанын күтіңіз және ыдыстан саптаманы алыңыз.
- Қуат баусымын ажыратыңыз және пышақтары бар алмалы қондырманы тазалау үшін бөлшектеңіз.




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл аспап ұзақ уақыт жұмыс істеуге есептелмеген, сондықтан жұмыстың әр 60 секундынан кейін 3-5 минуттық үзіліс жасап отырыңыз. Циклдер саны – бір пайдаланғанда 5-тен аспайды. Жұмыстың осындай 5 циклінен (60 секунд қосу 3-5 минуттық үзіліс) кейін кем дегенде 30 минут үзіліс қажет.




Қосу және жұмыс істеу үшін құрылғыны ТІК ұстаңыз!



Жұмыстың әр 60 секундынан кейін 3-5 минуттық үзіліс жасаңыз. Циклдер саны – 5-тен аспайды



Жұмыс аяқталғаннан кейін блендерді сөндіріңіз, ыдыстан алып шығыңыз.



Қуат баусымын ажыратыңыз және пышақтары бар алмалы қондырманы тазалау үшін бөлшектеңіз.

АЗЫҚ-ТҮЛІК	МӨЛШЕРІ	УАҚЫТЫ СЕК.
Балалар тағамы, сорпалар, тұздықтар	100 – 400 мл	60
Сұйық қамыр	100 – 500 мл	60
Коктейльдер және сусындар	100 – 1000 мл	60

# ҰСАҚТАҒЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

Ұсақтағыштың көмегімен сіз шикі және піскен етті, ірімшікті, көкөністерді тұрай аласыз.



**Назар аударыңыз!** Кофе, дәмдеуіштер, мұз және т. б. қатты азық-түлікті ұсақтамаңыз, бұл пышақтардың сынуына және ыдыстың бүлінуіне әкелуі мүмкін. Ұсақтағыштың шыны ыдысы температуралардың кенет өзгеруіне сезімтал, оны суық немесе ыстық азық-түлікпен толтырмаңыз.

**Жұмыс тәртібі:**

- Сүйектерді алып тастаңыз және өнімдерін жақтарын 1-2 см етіп тұраңыз.
- Ұсақтағыштың пышағын ұсақтағыш ыдысының істікшесіне орнатыңыз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Ұсақтағыш пышақпен жұмыс жасағанда абай болыңыз. Пышақты металл бөлігінен ұстамаңыз, жүздер үшкір!

- Азық-түлікті ыдысқа салыңыз.
- Ұсақтағыштың қақпағын орнатыңыз.
- Бекіткішті қосыңыз және сағат тілі бағытымен бұрып, ұсақтағыштың қақпағына бекітіңіз.
- Аспапты қолмен ұстап, оны іске қосыңыз.
- Пайдаланғаннан кейін қуат баусымын розеткадан ажыратыңыз және ұсақтағышты бөлшектеңіз.




Бұл аспап ұзақ уақыт жұмыс істеуге есептелмеген, сондықтан жұмыстың әр 3 минуттан кейін 3-5 минуттық үзіліс жасап отырыңыз. Циклдер саны – бір пайдаланғанда 5-тен аспайды. Жұмыстың осындай 5 циклінен (3 минут және 3-5 минуттық үзіліс) кейін кем дегенде 30 минут үзіліс қажет.



Тағамдарды дайындаңыз, сүйектерді алып тастаңыз және етті 1-2 см кесектермен тұраңыз.



Комбайн пышағын комбайн ыдысының істікшесіне орнатыңыз. Абайлаңыз - жүзі өте өткір!




Азық-түлікті ыдысқа салыңыз. Қақпақты қосыңыз



Ұсақтағышты комбайн қақпағына жалғаңыз да, бекітіңіз.

Ұсақтағышты пайдаланудың ұсынылған уақыты және салынатын азық-түліктің мөлшері:

Азық-түлік	Мөлшері	Уақыты сек.
Ет	200 г	10-15
Шөптер	20 г	20
Ірімшік	150 г	15
Жұмыртқа	2 – 4 дана.	15
Пияз	100 г	10



Жұмыс істеуі = 3 мин  
Үзіліс=3- 5 мин.

Жұмыстың әр 3 минуттан кейін 3-5 минуттық үзіліс жасаңыз. Циклдер саны – 5-тен аспайды



қатты өнімдерді, кофе, дәмдеуіштер, мұз және т. б. ұсақтамаңыз, бұл пышақтардың сынуына әкелуі мүмкін.

# ПІСПЕКТІ ПАЙДАЛАНУ

Бұлғауыштың көмегімен ақуыз, қаймақ, кілегей сияқты өнімдерді қою көбікке айналдыруға, басқа үлпілдек десерттер мен тәтті тағамдарды дайындауға болады.

## Жұмыс тәртібі:

- Ұстағышқа бұлғау жалғастырғыш тетігін кигізіңіз және оны сағат тілі бағытымен бұрап, бекітіңіз
- Бұлғауышты жалғастырғыш тетігінің тесігіне, сыртыл естілгенше, орнатыңыз.
- Стаканға шайқауға арналған өнімдерді орналастырыңыз.
- Аспап пайдалануға дайын.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін аспапты сөндіріңіз және тазарту үшін жалғастырғыш тетікті және бұлғауышты бөлшектеңіз.



**Назар аударыңыз!** Ұсақтауыштың ыдысын піспекпен жұмыс істеу үшін пайдалануға тыйым салынады.



**Назар аударыңыз!** 4-тен артық жұмыртқа немесе 400 мл кілегей бұлғамаңыз. Аспап сынып қалмауы үшін маргарин, сары май және т. б. қою тағамдарды бұлғамаңыз. Бұлғанатын масса біспек бұлғауышынан биік болмауы тиіс. Егер жұмыс кезінде адаптері бар піспек ұстағыштан сырғып кетсе, бір реттік өңделген өнімнің мөлшерін азайтыңыз немесе тұтқырлықты азайту үшін, оны сұйықтықпен сұйылтыңыз.



**Назар аударыңыз!** Үздіксіз жұмыстың максималдық уақыты **3 минуттан** аспауы тиіс. Бұлғаған кезде жұмыс істеген әр **3 минуттан** кейін **5 минут** ішінде үзіліс жасау керек.


АЗЫҚ-ТҮЛІК	МӨЛШЕРІ	УАҚЫТЫ СЕК.
Кілегей	250 г	70 – 90
Жұмыртқа ақуызы	4 дана.	120



Ұстағышқа піспек жалғастырғышты кигізіңіз және бекітіңіз



Бұлғайышты жалғастырғыш тетігінің тесігіне, сыртыл естілгенше, орнатыңыз.



Стаканға шайқауға арналған өнімдерді орналастырыңыз.



ЖҰМЫРТҚА 4 дана MAX  
КІЛЕГЕЙ 400 ml. MAX  
400 мл

4-тен артық жұмыртқа немесе 400 мл кілегей бұлғамаңыз.



Комбайнның ыдысын бұлғауышпен жұмыс істеу үшін пайдалануға тыйым салынады

# SMART РЕЖИМІНДЕ АСПАПТЫ БАПТАУ МЕН ПАЙДАЛАНУ

## Блендерді WiFi желісіне қосуды баптау


- Бұл аспапта Polaris IQ Home әмбебап қолданбасы арқылы мобильді құрылғы көмегімен кері байланысы бар қашықтықтан басқару функциясы бар
- Блендерді желіге алдын ала қосыңыз. Мобильді құрылғыдан Polaris IQ Home қолданбасын ашыңыз.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қосуды баптар алында Сіздің телефоныңыз үйдегі бар WiFi желісіне қосылғанына көз жеткізуді сұраймыз.

Үйдегі WiFi желісі болмаған жағдайда үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін мамандырылған компанияға жүгініңіз. Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеу керек, желі режимі **802.11 b/g/n** орнатылған болуы керек.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Аспапты қолданбаға алғашқы рет қосқанда VPN және жарнама бұғаттағышын (мысалы, AdGuard) сөндіріп қою керек. Қосу рәсімі аяқталғаннан кейін оларды қайта іске қосуға болады.

Сондай-ақ Сіз қолданбаны [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru) сайтынан осы модельге арналған бөлімнен сілтеме бойынша жүктей аласыз.

Қолданбаны пайдалана отырып, Сіздің қолыңыздан келеді:

- ✓ Аспапты тіркеу.
- ✓ Құрылғыны күйге келтіру бойынша нұсқаулыққа кіру.
- ✓ Жиі қойылатын сұрақтарға жауап табу.
- ✓ БЖ автоматты жаңартуларын алу
- ✓ Қолдау қызметіне хабарласу



### Маңызды!

Егер қолданба Сізге мұны ұсынатын болса, блендердің жаңа нұсқасын үнемі жүктеп алыңыз.

**Қолданбаға сұратылатын барлық рұқсаттарды беруді сұраймыз – кері жағдайда функциялардың бөлігі қолжетімсіз болуы мүмкін.**










# Android операциялық жүйесі бар телефондар (10 нұсқаға дейінгі) үшін

## Жаңа құрылғыны конфигурациялау


«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.

- «Барлық құрылғылар» тізімінен (PHB-1551WIFI) блендерін таңдаңыз.
- Телефондағы WIFI баптауларды ашу үшін, «Баптауларды ашу» түйесін басыңыз
- Блендер (PHB-1551) атауымен сәйкес келетін WIFI желісіне телефонды қосыңыз.
- Қолданбаға қайта оралыңыз.
- Келесі экранда Құрылғымен түйіндесуді жүргізіңіз:
  1. Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Содан кейін блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басыңыз – растау үшін екі шам кезекпен жыпылықтайды.
  2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
    - Тізімнен құрылғыны өзіңіз баптағыңыз келген WIFI үй желісін таңдаңыз немесе атауы мен құпиясөзін көрсетіңіз, содан кейін «Қосылу» басыңыз.
    - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.
    - Егер жұптастыру болмаса, блендерді зауыттық қалпына келтіріңіз (төмендегі сипаттаманы қараңыз). Қосу баптауын қайталап жүргізіңіз.



## Бұрын конфигурацияланған құрылғыны түйістіру

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- "Желіде" тізімінен PNB-1551WiFi блендерін таңдаңыз (Егер құрылғы желіде болмаса – құрылғы конфигурацияланған WiFi желісінің қосылғанына көз жеткізіңіз).
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйіндестіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  1. Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Содан кейін блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басыңыз – растау үшін екі шам кезекпен жыпылықтайды.
  2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.



### Ескерту ретінде!

Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық, бұйым мен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді. Осыған байланысты Сіз экранда көріп тұрғаныңыз осы Нұсқаулықта жазылғанынан ерекшеленуі мүмкін.

# Құрылғыны басқа WiFi желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалау режимі)

- Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басып, шамдар кезектесіп жыпылықтауын тоқтатқанша 10 секунд күтіңіз.
- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен (PНВ-1551WIFI) блендерін таңдаңыз.
- Телефондағы WIFI баптауларды ашу үшін, «Баптауларды ашу» түйесін басыңыз
- Блендер (PНВ-1551) атауымен сәйкес келетін WIFI желісіне телефонды қосыңыз.
- Қолданбаға қайта оралыңыз.
- Келесі экранда Құрылғымен түйіндесуді жүргізіңіз:
  1. Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Содан кейін блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басыңыз – растау үшін екі шам кезекпен жыпылықтайды.
  2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз. Ашылған экранда қажетті әрекетті таңдаңыз: "Конфигурацияны қалдырыңыз және жалғастырыңыз" - бұл жағдайда ауа тазартқыш ағымдағы WIFI желісіне конфигурацияланады, бірақ сіздің телефоныңыз оны интернет желісі немесе "Құрылғыны қайта конфигурациялау" арқылы басқара алады - бұл жағдайда сізден құрылғыны жаңа WIFI желісіне қайта конфигурациялау сұралады. Егер Сіз «құрылғыны қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз: құрылғыны баптағыңыз келетін WIFI желісінің атауы мен құпиясөзін енгізіп, «Қосу» түймесін басыңыз.
- Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.



Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Блендер корпусындағы «SMART» түймесін 4 рет басыңыз




Шамдар кезекпен жыпылықтауды тоқтатқанша 10 секунд күтіңіз.




«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз




Тізімнен PНВ 1551WIFI таңдаңыз




Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Блендер корпусындағы «SMART» түймесін 4 рет басыңыз



Индикаторлар кезектесіп жыпылықтайды



Қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.











Қалаулы іс-әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру», немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау»

# IOS және Android операциялық жүйесі бар телефондар (10 және одан жоғары нұсқалар) үшін



## Жаңа құрылғыны конфигурациялау

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен (PHB-1551WIFI) блендерін таңдаңыз.
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Қолданбада "PPA-1551" WIFI желісіне қосылуға сұраныс пайда болады, "Қосылу" түймесін басыңыз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйіндестіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  1. Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Содан кейін блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басыңыз – растау үшін екі ақ индикатор кезекпен жыпылықтайды.
  2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
    - Қолжетімді WIFI желілері бар экран көрсетіледі. Қажетті желіні таңдаңыз және құрылғыны баптағыңыз келген WiFi желісінің құпиясөзін енгізіңіз және «одан әрі» басыңыз.
    - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.
    - «Жалғастыру» басыңыз.
    - Егер жұптастыру болмаса, блендерді зауыттық қалпына келтіріңіз (төмендегі сипаттаманы қараңыз). Қосу баптауын қайталап жүргізіңіз.








## Бұрын конфигурацияланған құрылғыны түйістіру

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен блендерді (PHB-1551WIFI) таңдаңыз.
- Егер құрылғы желіде жоқ болса - құрылғы конфигурацияланған WiFi желісі Сізде іске қосылғанына көз жеткізіңіз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйіндестіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  1. Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Содан кейін блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басыңыз – растау үшін екі ақ индикатор кезекпен жыпылықтайды.
  2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.



# Құрылғыны басқа WiFi желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалау режимі)

- Блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басып, шамдар кезектесіп жыпылықтауын тоқтатқанша 10 секунд күтіңіз.
- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен (PHB-1551WIFI) блендерін таңдаңыз.
- «Жалғастыру» басыңыз.
- Қолданбада "PPA-1551" WIFI желісіне қосылуға сұраныс пайда болады, "Қосылу" түймесін басыңыз
- Келесі экранда Құрылғымен түйіндесуді жүргізіңіз:
  1. Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Содан кейін блендер корпусындағы "SMART" түймесін 4 рет басыңыз – растау үшін екі индикатор кезекпен жыпылықтайды.
  2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
    - Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: "Баптауды аяқтау" - бұндай жағдайда телефон ағымдағы WiFi желісіне конфигурацияланған күйі қалады, бірақ сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе "Қайта баптау" - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WiFi желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
    - Егер Сіз «Қайта баптауды» таңдаған болсаңыз: құрылғыны баптағыңыз келетін Wi-Fi желісінің атауы мен құпиясөзін енгізіп, «Қосу» басыңыз.
    - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.





## Зауыттық баптауларға қайту

Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Блендер корпусындағы "SMART" түймесін 8 рет басыңыз – растау үшін екі индикатор бір уақытта 3 рет жыпылықтайды, блендер зауыттық баптауларға қайтарылады.



## ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ РЕЖИМДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

### Қолданбада қолжетімді блендер функциясы




#### 1. Аспаптың жұмысын бір немесе бірнеше қадаммен жеке баптау.

Polaris IQ Home қолданбасын ашыңыз, құрылғыны жоғарыдағы нұсқаулықта көрсетілгендей конфигурациялаңыз. Негізгі экранда жылдамдық пен уақытты реттейтін диммерлер көрсетілген. Қажетті параметрлерді орнату арқылы жүгірткіні сағат тілімен тартыңыз. Сондай-ақ, бірнеше қадаммен конфигурациялауға болады: "Қадам қосу" түймесін басып, әр қажетті қадамға құрылғының жылдамдығы мен жұмыс уақыты параметрлерін көрсетіңіз.

Бұл блендердің басты ерекшеліктерінің бірі - саптамалардың айналуын реттеу әдісі. Берілген жылдамдықта дәл осы саптамаларды айналдыратын қозғалтқыштың қуаты емес, саптамалардың айналу жылдамдығы орнатылады, бұл бүкіл процесте өнімдерді ұнтақтау/араластыру қарқындылығын сақтауға мүмкіндік береді.

#### 2. «Балалардан қорғау» функциясы.

Блендерді **КӨЛДЕНЕҢ** орналастырыңыз! Мүмкіндікті қосу үшін блендер корпусындағы "Smart" түймесін қатарынан 6 рет басыңыз. Растау үшін индикаторлар кезекпен жыпылықтай бастайды, түймелер басуға жауап бермейді. "Балалардан қорғауды" өшіру үшін, блендерді **КӨЛДЕНЕҢІНЕН** орналастырыңыз және блендер корпусындағы "Smart" түймесін қатарынан 6 рет басыңыз. Барлық түймелер қайтадан белсенді болады. Функцияны қолданбада да қосуға болады.



**3. Smart** түймесін ұстамай блендердің жұмыс режимі (тек саптамалар үшін қолдануға болады: "піспек" және "ұсақтағыш"). Блендердің үздіксіз ұзақ жұмыс істеуі қажет болған жағдайда (3 минутқа дейін) түймелерді ұстамай жұмыс режимін қолданамыз. Бұл режимді іске қосу үшін, Polaris IQ Home қолданбасына кіріп, Негізгі экранда "Таймерді" тауып, дөңгелек диммерде блендердің үздіксіз жұмыс істеу жылдамдығы мен уақытының қажетті мәнін 5 секундтан 3 минутқа дейін 5 секунд қадаммен орнатып, "Қосу" түймесін басыңыз. Содан кейін блендер сіз орнатқан уақытты блендердің корпусындағы түймелерді ұстамай жұмыс істейді. **Назар аударыңыз!** Жұмыс барысында аспапты ұстап тұру керек.

#### 4. Гироскоп



Блендердің ішкі құрылғысында блендердің кеңістіктегі бағытын анықтайтын гироскоп орналасқан. Аспап белгіленген көлбеу бұрышынан асқан кезде, блендер ажыратылады. Блендер бастапқы күйіне оралғанда, яғни берілген көлбеу параметрінен аз болса, блендер қайта қосылады және соңғы жұмыс режимінде жұмысын жалғастырады.

Бұл пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар пісіру кезінде азық-түлік тамшыларының/кесектерінің айналадағы заттарға түсуіне жол бермейді. Еңкею бұрышының әдепкі шегі 75° құрайды. Гироскопты орнату үшін қолданбадағы Параметрлер мәзіріне өтіп, еңкейту кезінде өшіру бұрышын орнатыңыз.

## 5. Алдын ала орнатылымдар – алдын ала орнатылған жұмыс режимдері

Стандартты тағамдарды дайындау үшін дайын жылдамдық пен пайдалану уақытының параметрлерін пайдаланыңыз.

### Алдын ала орнатылымдар (блендер)



- Езбе сорпа
- Тұздық
- Смузи
- Коктейль

### Алдын ала орнатылымдар (ұсақтағыш)

- Турама ет
- Пияз
- Жаңғақтар
- Көк

### Алдын ала орнатылымдар (піспек)




- Омлет
- Кілегей






## 6. Дербес режимдер

Өзіңіздің жеке режиміңізді құру - бұл шығармашылық пен креативтіліктің мүмкіндігі, немесе керісінше, әдеттегі әрекеттер тізбегін жеңілдету үшін! Өзіңіз шешіңіз!



Қолданбадағы баптауларды біртіндеп жазып алыңыз-құрылғының жұмыс уақыты мен жылдамдығын орнатыңыз, оларды сүйікті атыңызбен сақтаңыз, келесі жолы қосымша баптаусыз дайын әрекеттер тізбегін пайдаланыңыз.






## 7. Рецептiлер

Тұздықтар, сорпалар, ыстық тағамдар, десерттер және басқа да тағамдарды дайындауға арналған әртүрлі рецепттерді қолданыңыз. Негізгі экранда "Рецептілер" бөліміне өтіңіз. Жаңа рецептті немесе бұрын ұнаған рецептiлерді таңдаңыз (ол "жақында қаралған" бөліміне өтеді). Өнімдерді тізім бойынша дайындаңыз, содан кейін қолданбадағы қадамдық нұсқауларды орындаңыз.



# ҚОЛДАНБАНЫҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ

- 1. Аспапқа қолжетімділік құқықтарын бақылау:** құқықтарды бақылауды іске қосу үшін Сізге қолданбадағы құрылғы бетіне өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы параметр таңбасын («жұлдызша») басып, «Құқықтарды бақылау» тармағын таңдап, «Құқықтарды бақылауды қосу» ажыратқышын «Қосылған» күйге ауыстыру керек. Осыдан кейін Сіз автоматты түрде оған толық қолжетімділік құқығы бар құрылғы әкімшісі боласыз, барлық басқа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады. Сіз әр пайдаланушы үшін жеке кіру деңгейін анықтай аласыз. Құрылғыны басқару функциясын іске қосқаннан кейін құрылғыға қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады және құрылғыны Сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқығын бергенге дейін басқара алмайды.
- 2. Құрылғымен бөлісу мүмкіндігі:** Сіз өзіңіздің құрылғыңызды басқаруды Polaris IQ Home қолданбасы орнатылған кез келген адаммен жай ғана бөлісе аласыз. Бұл үшін Сізге қолданбадағы құрылғы бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басу, «Құқықтарды бақылау» тармағын таңдау және оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басу қажет. Осыдан кейін Сіз экранда осы құрылғының QR кодын көресіз. Қабылдайтын тарап осы QR кодты сканерлеуі үшін, ол қолданбаның басты экранында «Жаңа құрылғы» түймесін басу керек және шыққан терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басу қажет.



Содан кейін телефон камерасын жіберетін тарап ұсынған QR кодқа бағыттау қажет және жүйе берген сыбырларды орындау керек.

QR кодты кез келген ыңғайлы әдіспен жіберуге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR коды аспапта Reset режимі іске қосылғанша өзгеріссіз қалады. Reset-тен кейін ескі QR коды енді әрекет етпейді.

- 3. Қолдау қызметімен байланыс:** «Профиль/Қолдау/кері байланысқа» өтіп, өзіңіздің хабарламаңызды қалдыру қажет.
- 4. Қосылу күйін мониторингтеу:** аспап баптауларында тиісті түймесін басып, желінің барлық учаскелеріндегі қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу мен қосымша баптаулар жүргізуге арналған әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.

The first screenshot shows the 'Настройки' (Settings) app with the 'Бөлісу' (Share) icon highlighted in the top right corner. The second screenshot shows a QR code with a hand icon pointing to it. The third screenshot shows the 'Добавить устройство' (Add device) screen with a hand icon pointing to the 'Добавить устройство' button. The fourth screenshot shows the 'Добавить устройство' screen with a hand icon pointing to the QR code scanner icon in the top right corner.

Құрылғымен бөлісу үшін оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басыңыз

Бөлісуге болатын ағымдағы құрылғының QR коды

Қабылдайтын жақтан: қолданбаны ашыңыз, «Жаңа құрылғы» басыңыз

Шыққан терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басыңыз

The first screenshot shows the 'Состояние сети' (Network status) screen with a diagram of network connections. The second screenshot shows the 'Добавить устройство' (Add device) screen with a hand icon pointing to the 'Добавить устройство' button. The third screenshot shows the 'Поддержка' (Support) screen with a hand icon pointing to the 'Обратная связь' (Feedback) option.

Қосылу күйін мониторингтеу

Қолдау қызметімен байланыс

«Кері байланыс» тарауында өзіңіздің хабарламаңызды қалдырыңыз



# ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Аспапты тазалар алдында, оны желіден ажыратыңыз.
- Пайдаланылған қондырмалардың жұмыс бөліктерін, ұсақтағышты, ұсақтағыштың қақпағын және бұлғауыштың жалғастырғыш тетігін қоспағанда, су ағынымен жуыңыз. Қондырмалардың жоғарғы бөліктерін сумен жууға тыйым салынады. Блендерлік қондырманың жалғастырғыш бөлігіне судың түсуіне жол бермеңіз.




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: пышақтармен жұмыс істегенде абай болыңыз. Пышақты металл бөлігінен ұстамаңыз, жүздер үшкір!**

- Аспап бөлшектері, ұсақтағыштың шыны ыдысынан басқа, ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды: бұл пластикалық бөлшектерді зақымдауы мүмкін.
- Блендердің шыны ыдысын ыдыс жуатын машинада жууға болады. Ыдыс жуғыш машинада ұсақтағыштың шыны ыдысын жуған кезде, өндірушінің режимді таңдау жөніндегі ұсыныстарын қатаң сақтаңыз. Ұнтақтағыш ыдыс ыстыққа төзімді емес, ыдыс жуғыш машинада режимді таңдағанда, судың температурасы 60-65°C-ден аспауы керек екенін ескеріңіз.
- Аспаптың корпусын, ұсақтауыштың қақпағын және піспектің жалғастырғыш тетігін жұмсақ ылғал шүберекпен сүртіп алыңыз.
- Барлық бөліктерді құрғақ сулықпен сүртіп алыңыз және мұқият кептіріңіз.
- Аспапты жинаңыз және сақтау үшін құрғақ жерге орналастырыңыз.



1  
Аспапты тазартар алдында оны желіден ажыратыңыз.



2  
Аспаптың пайдаланылған қондырмаларының жұмысшы бөлшектерін жуыңыз да, кептіріңіз.



3  
Қондырмалардың жоғарғы бөліктерін сумен жууға тыйым салынады



Аспап бөлшектерін ыдыс жуатын машинада жууға болмайды.



**Сақ болыңыз!**  
Пышақтар өте өткір!

## ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

# АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР	ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ
Электр желісіне қосқанда блендер жұмыс істемейді	Розетка ақаулы	Басқа аспапты қосып, розеткадағы кернеуді тексеріңіз
	Электрқорек баусымы зақымдалған	Тек қана жөндеу шеберханаларының мамандарымен жойылады
Жұмыс кезінде блендер сөніп қалды	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қызып кету. Автоматты өшіру функциясы іске қосылды (екі шам да үнемі жанып тұрады)</li> <li>2. Кіріктірілген GYROSTAR технологиясы іске қосылды.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Блендерді розеткадан ажыратыңыз және оған 60 минут ішінде толық сууға мүмкіндік беріңіз.</li> <li>2. Пайдалану кезінде аспаптың көлбеу бұрышы <b>Polaris IQ Home қолданбасында пайдаланушы орнатқан бұрыштан көп болды (әдепкі бойынша бұрыштың мәні 75°-қа орнатылады)</b>. Жұмысты жалғастыру үшін, аспапты тік ұстаңыз.</li> </ol>
Азық-түлікті ұсақтағанда аспаптың қатты дірілі сезінеді	Тағамдар тым ірі туралған	Тағамдарды кішірек кесектерге тураңыз
Жұмыс кезінде бөгде иіс пайда болды	Аспап қызып кетті	Аспаптың үзіліссіз жұмыс уақытын қысқартыңыз. Іске қосылулар арасындағы аралықтарды көбейтіңіз
	Аспап жаңа, иіс қорғаныс қабаттан шығады	Аспапқа толық тазалау жүргізіңіз



Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.



**Назар аударыңыз!** Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

# WI FI ҚОСЫЛЫСЫНА ҚАТЫСТЫ АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ІЗДЕУ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Блендер түймелерді басуға мән бермейді	ChildLock режимі іске қосылған	Қолданбадан "ChildLock" режимін өшіріңіз немесе блендер корпусындағы "Smart" түймесін қатарынан 6 рет басыңыз.
Құрылғы WiFi роутерге қосыла алмайды	1. Қосу процесінде іркілік орын алады	<p>a) Сіздің аспабыңыз қолданбада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қолданбаның басты мәзірінде «Құрылғы қосу» түймесін басыңыз және «Барлық құрылғылар» тізімін ашыңыз;</p> <p>b) Сіздің роутеріңіз 2,4 MHz жиілікте жұмыс істейтініне, желі режимі 802.11 b/g/n, желінің атауында орыс әріптері мен қызметтік символдар (%;/? және т. б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін Сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз;</p> <p>c) Сіздің роутеріңіз кіріс қосылуларға қосымша шектеулер (мысалы, тек қана көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу) қоймайтынына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін Сіздің роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз.</p> <p>d) Сізде бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз;</p> <p>e) Алғашқы рет іске қосқанда телефонда VPN және жарнаманы бұғаттаушыларды сөндіріп қойыңыз, егер орнатылған болса. Егер Сізде Iphone болса, баптаулар/Bluetooth мәзіріне кіріңіз және триггерді «сөндірулі» жайғасымға ауыстырып-қосыңыз. Бұған қоса мұны экранда тартылатын «пердеде» емес, дәл баптауларда жасау маңызды болады. Қосқаннан кейін барлық аталған бағдарламалар мен режимдерді қайта іске қосуға болады.</p> <p>f) Қолданбаға барлық сұраған рұқсаттарды беру қажет.</p> <p>g) Бағдарламаны телефон жадынан жүктеңіз және тағы бір рет іске қосыңыз: телефондағы ашық қолданбалардың тізімін ашыңыз және Polaris IQHome бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайталап іске қосыңыз және қосу процесін қайталаңыз;</p> <p>h) Аспапты диагностикалау режимін қосыңыз – Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;</p> <p>i) Аспап баптауларын жоюды жүргізіңіз (Reset) - Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;</p>
	2. Қосылу сәтті орындалған, құрал қолданбадағы құралдар тізімінде көрсетілді, алайда оны басқару қолжетімсіз.	Сіздің телефоныңыз WiFi желісіне кері қайта қосылуды орындағанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін телефонның WiFi баптаулары тарауын ашыңыз және қажеттілік болғанда Сіздің WiFi желіңізге қолмен қосылыңыз.
	3. Аспап іске сәтті қосылған, алайда қолданбадағы пәрмендерге кенет әрекет етуін тоқтатқан.	<p>Аспап парақшасына кіріңіз және оң жақ жоғарғы бөлігіндегі жұлдызшаға басыңыз. Содан кейін «Қосылыс диагностикасы» тараудағы диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Желінің қызыл түсті учаскенің қасындағы леп белгісіне басыңыз және интерактивті көмекшінің нұсқауларын орындаңыз.</p> <p>Өзіңіздің мәселеніздің шешімін таппадыңыз ба? Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе біздің сайтымыздағы немесе қолданбадағы пайдаланушы бейініндегі "Ақылды үй" қолдау қызметімен хабарласыңыз.</p>



**Назар аударыңыз!** Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің тұрақты процесі нәтижесінде нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

# ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Аспаптардың тасымалдануын осы түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау және механикаландырылған тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес көліктің барлық түрлерімен жабық көлік құралдарында жүргізеді.

Аспаптарды тасымалдау кезінде зақымданудан қорғаныс - өнімнің сапасы мен тұтынушылық ыдыстың сыртқы көрінісінің бүтіндігі қамтамасыз етілуі керек

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Аспаптар жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C төмен емес және плюс 40°C жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары болмағанда және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕЖН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады.



**Назар аударыңыз!** Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Одан әрі жою үшін оны мамандандырылған пунктке жіберіңіз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Сіздің аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электр токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс істеген кездегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң сақтаңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Кернеу: 220–240 В

Жиілігі: ~50 Гц

Қуаты: 1500 Вт

Номиналды қуаты: 1000 Вт

Сыйымдылығы: 700 мл

Қорғау сыныбы - II

*\*моторлық блоктың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін тұтынылатын қуат рұқсат етілген шектерден артып кеткенде қорғаныстың автоматикасы мотордың жұмысын шектейді.*

**Ескерту:** өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

# СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет ету мерзімі: 3 жыл

**Бұйымға берілетін кепілдік мерзім:** 36 ай (моторлық блокқа)\*\*

\*\*Кеңейтілген кепілдік 36 ай тек қана моторлық блокқа қолданылады.  
Блендердің басқа бөліктеріне 24 айлық кепілдік қолданылады.

Өндірілген айы мен жылы туралы ақпаратты аспаптың паспорттық тақтайшасынан қарау қажет.

## Дайындаушы:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,  
№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидо, Цыси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР  
MANUFACTURER: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,  
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

**Зауытта:** NINGBO YUANDA ELECTRICAL APPLIANCE CO., LTD - НИНБО ЯНДЭ ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕ КО., ЛТД  
88, Daqiao Road, Henghe 315318, Cixi, Zhejiang, China - 88, Дацао Роуд, Хенгзе 315318, Цыси, Чжэцзян, Қытай

Қытайда өндірілген.

**Импорттаушы және РФ мен Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі өндірушінің уәкілетті өкілі:** "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11 үй, 3 құрылыс, 4 қабат I үй-жай 13 бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

# КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым: Электрлік блендер**

**Модель: PNB 1551 WIFI IQ HOME**

Осы кепілдік 36 ай (моторлық блокқа) және 24 ай (блендердің қалған бөліктеріне) бұйым сатып алынған күннен бастап қолданылады және бұйым Мемлекеттер – Кеден Одағы мүшелерінің «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңдарына сәйкес кепілдікті қызмет көрсетуді жобалайды.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері «POLARIS» сауда белгісімен шығарылатын және кепілдік қызмет көрсету ұсынылатын елдерде өндіруші уәкілетті еткен елдерде сатып алынған барлық модельдерге таралады (сатып алу орнына тәуелсіз).
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
  - химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
  - бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
  - бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
  - қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
  - өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуына;
  - авторланған сервистік орталықтар\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;
  - бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.



**Назар аударыңыз!** Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтарының мекенжайлары: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

